



Семинар-практикум

Мақсаты: Балабақша педагог мамандардың теориялық білімдерін жетілдіру, тәжірибе алмасу

№	Тақырыбы	Қатысушылар санаты	Өткізілу түрі	Өткізілу мерзімі	Орындауға жауаптылар
1	Дамыту жетілдіру жұмыстары Режимдік сәттер бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер Түзету-дамыту жұмыстары	Барлық топтар «Жұлдыз» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы «Еркем-ай» кіші тобы Түзете-дамыту тобы	Ашық көрсетілім (Бастапқы)	25-қараша 26-қараша 27-қараша 28-қараша 29-қараша	Г.Абдуллаева Р.Әділбекова Г.Еркінбекова Ж.Бижанова Г.Байтуякова Г.Терискенбаева М.Нұсқабаева М.Абдраманова М.Айтуова
2	Дамыту жетілдіру жұмыстары Режимдік сәттер бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер Түзету-дамыту жұмыстары	Барлық топтар «Жұлдыз» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы «Еркем-ай» кіші тобы Түзете-дамыту тобы	Ашық көрсетілім (Аралық)	24-ақпан 25-ақпан 26-ақпан 27-ақпан 28-ақпан	Г.Абдуллаева Р.Әділбекова Г.Еркінбекова Ж.Бижанова Г.Байтуякова Г.Терискенбаева М.Нұсқабаева М.Абдраманова М.Айтуова
3	Дамыту жетілдіру жұмыстары Режимдік сәттер бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер Түзету-дамыту жұмыстары	Барлық топтар «Жұлдыз» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы «Еркем-ай» кіші тобы Түзете-дамыту тобы	Ашық көрсетілім (Қорытынды)	19-мамыр 20-мамыр 21-мамыр 22-мамыр 23-мамыр	Г.Абдуллаева Р.Әділбекова Г.Еркінбекова Ж.Бижанова Г.Байтуякова Г.Терискенбаева М.Нұсқабаева М.Абдраманова М.Айтуова

«Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында 2024 жылдың 25-29-шы қараша күндері ұйымдастырылған апталық семинар-практикум

АНЫҚТАМАСЫ

«Балдырған» бөбекжай-бақшасында 2024 жылдың 25-29 қарашасы күндері аралығында педагог мамандардың ізденістерін арттыру, шығармашылықтарын шыңдау мен іс-тәжірибелерін бөлісу, балаларға тәрбие мен білім берудегі жасап жатқан жұмыстарын көрсету мақсатында шығармашылық жұмыстарын, күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы көрсетті. Бір аптаға созылған жұмыстардың қорытындысы, 2024 жылдың 29 қарашасы күні қорытындыланып, әдістемелік кеңесте талқыланды. 2024 жылдың 25-қарашасы күні психолог Абдуллаева Гульназира «Жұлдыз» ересек тобында «Кел ойнайық балақай» тақырыбында өзінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, ойын іс-әрекеттерін ұйымдастырды. Ойын тақырыбы баланың бойына сол айтылған жұмыстарды сіңіруде, ойын әрекеттері мен тәжірибе түрінде өткізілетін іс-әрекеттерге тікелей қатысты екендігіне анық көз жеткізіп, одан шыққан жұмыс нәтижесін де көрсетіп бере алды. Осы тақырыппен ұлттық құндылығымызды бала бойына сіңіру бойынша «Қазан асық», «Асықтың түсін тап», «Бәйге» ойындарын шарттары мен ережелерін сақтай отырып балаларға ойната білді. ҮІӨ соңында «Әуе шары» тыныс алу жаттығуын жасатты. Бүгінгі іс-әрекетке рефлексия жасады.

2024 жылдың 26-қарашасы күні «Жұлдыз» ересек тобының тәрбиешілері Әділбекова Роза мен Еркінбекова Гүлжамал сол күнгі режимдік сәттер бойынша барлық дамытушы іс-әрекеттерді үлгілік оқу бағдарламасына сай дамытушы ойындар арқылы сіңіре білді. Түрлі ойын іс-әрекеттерін балалармен бірлесе отырып, өткізгендігін тілге тиек ете келіп, алдағы уақыттарда бұл бағыттарды алдағы уақыттарда жүргізілетін іс-шараларда түрлендіре түсетіндігін, үздіксіз балаға берілетін тәрбие мен оқытуда талмай еңбек ететіндігін айтып өтті. «Асық» ойынын заман талабына сай форматта балалардың қызығушылығын арттырып ойната білді. Күннің екінші жартысында ою түрі қошқар мүйізді өнер орталықтарында бейнелеу іс-әрекеттері арқылы бейнелеп, баланың әрбір жасаған жұмысына сұрақ-жауап арқылы рефлексия жасап, коммуникациясын дамытты. 2024 жылдың 27- қарашасы күні «Балбөбек» ортаңғы тобының тәрбиешілері Бижанова Жадыра мен Абдраманова Дана режимдік сәттердің барлық уақыттарында ақпараттық құралдар (кітап, әлеуметтік желілер) арқылы дамыған, білімді, саналы да сапалы, тәрбиелі ұрпақ дайындау біздің және болашақ ұрпақтардың алдында тұрған міндет екендігін көрсетіп, күн тәртібінің барлық бөлімдерінде ақпараттық құралдарды пайдаланып, санасына сіңіретіндей жұмыстарын көрсетіп берді. Балалардың Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту мақсатында қазақ тілі ҮІӨ еліміздің Әнұранымен бастады. Балалардың тілін дамыта отырып, ҮІӨ дене шынықтыру ҮІӨ кіріктіріп, физикалық қасиеттерін дамытуда, жалпы дамытушы жаттығуларды, негізгі қимыл жаттығуларды пайдалана отырып, бала қызығушылығын арттырды. Күннің екінші жартысында шығармашылық орталықта балалар бейнелеу іс-әрекетінің әдістерін пайдалана отырып, қошқар мүйізін оюын бейнелеп шықты. Даналық мектебін кірістіре отырып, ата-анамен жұмысты жандандыру мақсатында шығармашылық орталықтан ата-аналардың да көрінгенін, өз оралықтарындағы жұмыстар бойынша балаларға қысқаша мәлімет беріп,

балалармен бірге жұмысты жасауға кіріскенін көрдік. Балаларға өздерінің еңбектері туралы айтқыза келіп, жұмыстарын қол өнер орталығына қойды.

2024 жылдың 28 қарашасы «Еркем-ай» кіші тобының тәрбиешісі Терискенбаева Гайни ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұйымдастырып, баланың жан-жақты дамуына, сана-сезімінің артуына, ой-өрісінің кеңеюіне, осы арқылы бойларында имандылық пен инабаттылық қасиеттерін ұялатуға болатындығын, ойын әрекеттерінің барлық салаларда алар орны зор әрі бала тәрбиесінде ең бірінші сатыда тұратын, сол арқылы ғана бала бойына барлық қасиетті сіңіріп, дамыта алатындығын өз тәжірибесінен көрсетіп бере алды. Балаларға түстерді таныту үшін асықтар пайдаланып, оны арнайы түстерге бөлінген алашаларға бөлігізіп, түсін сұрап, «Түсін тауып, қоржынға сал» ойынын ойнатты. Балалардың тілі дамымасада сезім мүшелерінің дамығанын, түстерді тауып, орналастырғанын көрдік. Жас ерекшеліктерне қарай бытырап жүріп, тізбектелудің біршама қалыптасқаны көрінді.

2024 жылдың 29-қарашасы күні дефектолог Айтуова Маржан логопункт тобындағы балалармен балалардың дене бұлшық еттерінің белсенділігін арттыру мақсатын қимылды ойындар ұйымдастырса мен логопед Абдраманова Меруерт логопункт тобындағы балалармен «Сиқырлы доптар» тақырыбындағы ойын іс-әрекеттерін балаларды достыққа, ынтымаққа тәрбиелей отырып, олардың есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында түрлі тақпақтар мен дыбыстау қиыншылықтарын тудыратын дыбыстарға артикуляциялық жаттығулар жасату арқылы іс-әрекетті түрлендіре түсті. Балалардың қызығушылығын арттырды.

Осылайша бір аптаға тәжірибелік семинар-практикум жұмыстарында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін көрсетті.

Қорытына келгенде, педагог мамандардың бір аптаға созылған әдістемелік жұмыстарының барысында артықшылықтарда, кемшіліктерде орын алды. Алдағы уақытта оларды ары қарай дамыту мен жою сияқты жұмыстарды жүргізу керек. Педагогтардың жұмыстарында алға ұмтылушылық пен қатар әлі де кемшіліктердің орын алып отыр. Барлығыда жөндеуге болатын, қолдан келетін іс.

- Тәрбиеші Терискенбаева Гайнидың жас ерекшелігіне қарай балалардың ойын іс-әрекетінде тілімен қатар физикалық қабілетінде арттыруға көңіл бөлгенін;
- Тәрбиеші Әділбекова Роза ұлттық ойындар арқылы бала дамуы мен қатар ынтымақтастыққа баулудағы жұмыстарын,
- тәрбиеші Бижанова Жадыра балалардың дене қимылын жетілдіруде би қимылдарының үндестік тауып жатқандығын,
- психолог Абдуллаева Гулназира баланы жан-жақты анықтап, оны топпен бірлесіп жұмыс жасауда екендігін,
- тәрбиеші Абдраманова Дана жаңашыл әдістер мен қажетті құралдарды пайдалануда эстетика мен жаңашылдыққа көңіл бөле алатынын;
- логопед Абдраманова Меруерт бала бойына әуендерді ұялату арқылы артикуляциялық, нейро жаттығуларды іс-әрекетті көрсете алғанын;
- тәрбиеші Еркінбекова Гүлжамал бейнелеу іс-әрекеті арқылы бала бойына қызығушылық сезімін ұялатудағы еңбектерін жекелеп атап өтуге болады.

Ұсыныс:

-Балабақшаның барлық педагогтеріне қатысты нәрсе ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде, сондай-ақ режимдік сәттердің барлық уақыттарында баланың ойлау мен есте сақтау, танымдық дағдыларын қалыптастыру үшін баланың жас ерекшелігін ескеруді, заттық-

дамытушы ортаны ұлттық құндылықтарымызға сай дамытуды, дамытушы ойындарды қолданғанда шарттары мен ережесін балаға түсінікті етіп жеткізіп, сақтауға дағдыландыруды ескеру керек.

-Барлық педагогтер дефектологтің ҰІӨ осы жылдың желтоқсан айының аяғына дейін еніп, әдіс алмасуды, өз тәжірибелерімен бөлісуді жалғастырып, желтоқсан айының 31- күні кезектен тыс әдістемелік кеңесте өздерінің жүргізген бақылаулары мен талдауларын дайындау керек.

Әдіскер



О.Татимова

«Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында 2025 жылдың 24-28-ші ақпан күндері ұйымдастырылған апталық семинар-практикум

АНЫҚТАМАСЫ

«Балдырған» бөбекжай-бақшасында 2025 жылдың 24-28-ші ақпаны күндері аралығында педагог мамандардың ізденістерін арттыру, шығармашылықтарын шыңдау мен іс-тәжірибелерін бір-бірімен бөлісу, бала бойына білім беру дағдыларының алғы шарттарын сіңіру жолындағы тәрбие мен білім берудегі жасап жатқан жұмыстарын көрсету мақсатында шығармашылық жұмыстарын, күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы күн режимінің барлық бөлімдері арқылы көрсетті. Бір аптаға созылған жұмыстардың қорытындысы, 2025 жылдың 28 ақпаны күні қорытындыланып, талқыланды.

2025 жылдың 24-ші ақпаны күні психолог Абдуллаева Гульназира «Жұлдыз» ересек тобында «Бақытты балалық шақ» тақырыбында өзінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, ойын іс-әрекеттерін ұйымдастырды. Ойын тақырыбы баланың бойына сол айтылған жұмыстарды сіңіруде, ойын әрекеттері мен тәжірибе түрінде өткізілетін іс-әрекеттерге тікелей қатысты екендігіне анық көз жеткізіп, одан шыққан жұмыс нәтижесін де көрсетіп бере алды. Осы тақырыппен ұлттық құндылығымызды бала бойына сіңіру бойынша ұлттық ойындарды шарттары мен ережелерін сақтай отырып балаларға ойната білді. Ойын іс-әрекетті қортындылауда тыныс алу жаттығуын жасатты. Бүгінгі іс-әрекетке рефлексия жасады.

2025 жылдың 25-ші ақпаны күні «Жұлдыз» ересек тобының тәрбиешілері Әділбекова Роза мен Еркінбекова Гүлжамал ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне, апталық циклограмма жоспарына сай «Оң жақта, сол жақта, ортасында» тақырыбында педагог жетекшілігімен ойын ұйымдастырылды. Мақсаты кеңістікті бағдарлай алу, қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттыру, зейіндерін дамыту, қызығышылықтарын арттыру. «Қыз тақырыбында ұлттық ойын ұйымдастырылды. Мақсаты ұлттық ойындарды насихаттау арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау. Режимдік сәттер бойынша барлық дамытушы іс-әрекеттерді үлгілік оқу бағдарламасына сай дамытушы ойындар арқылы сіңіре білді. Түрлі ойын іс-әрекеттерін балалармен бірлесе отырып, өткізгендігін тілге тиек ете келіп, алдағы уақыттарда бұл бағыттарды алдағы уақыттарда жүргізілетін іс-шараларда түрлендіре түсетіндігін, үздіксіз балаға берілетін тәрбие мен оқытуда талмай еңбек ететіндігін айтып өтті. «Бәйге» ойынын заман талабына сай форматта балалардың қызығушылығын арттырып ойната білді. Күннің екінші жартысында бейнелеу іс-әрекеттері арқылы баланың әрбір жасаған жұмысына сұрақ-жауап арқылы рефлексия жасап, тілін дамытты.

2025 жылдың 26-шы ақпаны күні «Балбөбек» ортаңғы тобының тәрбиешілері Бижанова Жадыра мен Абдраманова Дана Коммуникативтік дағдының қазақ тілі бөлімі бойынша «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» тақырыбында ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізді. Міндеті: Қоршаған ортадағы жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру болды. Ұйымдастырылған іс-әрекет еліміздің әнұранымен басталды. Балалардың бір қалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру дағдыларын қалыптастыру мақсатында дене тәрбиесі өткізілді. Режимдік сәттердің

барлық уақыттарында ақпараттық құралдар арқылы дамыған, білімді, саналы да сапалы, тәрбиелі ұрпақ дайындау біздің және болашақ ұрпақтардың алдында тұрған міндет екендігін көрсетіп, күн тәртібінің барлық бөлімдерінде ақпараттық құралдарды пайдаланып, санасына сіңіретіндей жұмыстарын көрсетіп берді. Күннің екінші жартысыныда «Шаштараз» сюжетті рөлді ойыны ойнатылды. «Әуе таяқ» ұлттық ойыны ойнатылды.

2025 жылдың 27-ші ақпаны «Еркем-ай» кіші тобының тәрбиешісі Терискенбаева Гайни ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұйымдастырып, баланың жан-жақты дамуына, сана-сезімінің артуына, ой-өрісінің кеңеюіне, осы арқылы бойларында имандылық пен инабаттылық қасиеттерін ұялатуға болатындығын, ойын әрекеттерінің барлық салаларда алар орны зор әрі бала тәрбиесінде ең бірінші сатыда тұратын, сол арқылы ғана бала бойына барлық қасиетті сіңіріп, дамыта алатындығын өз тәжірибесінен көрсетіп бере алды. Балаларға түстерді таныту үшін асықтар пайдаланып, оны арнайы түстерге бөлінген алашаларға бөлігізіп, түсін сұрап, «Түсін тап» ойынын ойнатты, Балалардың тілі мен қатар сезім мүшелерінің дамығанын, түстерді тауып, өз орындарына орналастырғанына көз жеткіздік.

2025 жылдың 28-ші ақпаны күні дефектолог Айтуова Маржан логопункт тобындағы балалармен балалардың дене бұлшық еттерінің белсенділігін арттыру мақсатында қимылды ойындар ұйымдастырса мен логопед Абдраманова Меруерт логопункт тобындағы балалармен «Ою құрастырамын» және «Дәл осындай пішінді тап» тақырыбындағы ойын іс-әрекеттерін балаларды достыққа, ынтымаққа тәрбиелей отырып, олардың есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында түрлі тақпақтар мен дыбыстау қиыншылықтарын тудыратын дыбыстарға артикуляциялық жаттығулар жасату арқылы іс-әрекетті түрлендіре түсті. Балалардың қызығушылығын арттырды.

Осылайша бір аптаға тәжірибелік семинар-практикум жұмыстарында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін көрсетті.

Қорытынды:

Педагогтердің тәжірибелік жұмыстарының барысында баламен, ата-анамен жұмыстардың өте ауқымды дәрежеде дамып келе жатқаны көрінді. Педагогтардың жұмыстарында ізденімпаздық пен қатар әлі де кемшіліктердің орын алып отырғаны байқалды. Барлығыда жөндеуге болатын, қолдан келетін іс.

- Тәрбиеші Терискенбаева Гайнидың жас ерекшелігіне қарай балалардың физикалық қабілетінде арттыруға көңіл бөлгенін;
- Тәрбиеші Нұсқабаева Меруерт балалардың тілін дамыту үшін түсті кітаптар пайдаланып, кітап бұрышының ролін арттырғанын;
- Тәрбиеші Әділбекова Роза ұлттық ойындар арқылы бала дамуы мен қатар ынтымақтастыққа баулудағы жұмыстарын,
- тәрбиеші Бижанова Жадыра балалардың дене қимылын жетілдіруде би қимылдарының үндестік тауып жатқандығын, бала бойына патриоттық сезімді ұялатуға бағытталған жұмыстарын, ұлттық ойындар арқылы баланың қимыл-қозғалыс әрекеттерін дамытқандығын;
- психолог Абдуллаева Гулназира баланы ойын іс-әрекеттер арқылы жан-жақты анықтап, оны топпен бірлесіп және жеке баламен жұмыс жасауда екендігін,
- тәрбиеші Абдраманова Дана сюжетті рөлді ойындар арқылы балалардың диалог құруға ынтасын аттыруға, эстетика мен жаңашылдыққа көңіл бөле алатынын;

- логопед Абдраманова Меруерт бала бойына сазды әуендерді пайдалану арқылы артикуляциялық, нейро , тыныс алу жаттығуларды іс-әрекетте ұштастыра алатынын;
-Дефектолог Айтуова Маржан балалардың тілінің дамуы, сөздік қорының артуы үшін ең алдымен баланың дене бұлшық еттерінің дамуы үшін жұмыстарды қамтуда екендігін;
-тәрбиеші Еркінбекова Гүлжамал шығармашылық жұмыстар арқылы бала бойына қызығушылық сезімін ұялатудағы еңбектерін жекелеп атап өтуге болады.

Ұсыныс:

Педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекеттерде,режимдік сәттердің барлық бөлімдерінде физикалық қасиеттерді, коммуникативтік дағдыларды, , танымдық дағдыларын, шығармашылық дағдыларын, әлеуметтік эмоционалды дағдыларын дамыту мен қалыптастыру үшін баланың жас ерекшелігін ескере отырып жұмысты жандандыруды әлі де жалғастыру қажет екендігі, заттық-дамытушы ортаны ұлттық құндылықтарымызға сай дамытуды, дамытушы ойындарды қолданғанда шарттары мен ережесін балаға түсінікті етіп жеткізуді, көрсетуді ескеру керек.

Әдіскер  О.Татимова